



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ



Бекітемін

Басқарма төрағасы – Ректор

Е. Әмірбекұлы

21.04 2026 ж.

**Формальды, формальды емес, информальды білім беру
нәтижелерін тану және пререквизиттерді меңгеру (тану) туралы
РЕГЛАМЕНТ**

Павлодар қ.

Алғысөз

1. Академиялық офиспен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:

Жұмыс тобының жетекшісі – А.А. Жакиенова

2. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР: Абдрахманова Д.К., Киреева А.К., Курабаева Ф.А.,
Семенова М.В., Суворова Л.Б.

Содержание

1	Жалпы ережелер	4
2	Шартты белгілер мен қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	5
4	Терминдер мен анықтамалар (гlossарий)	5
5	Жауапкершілік және өкілеттіктер	6
6	Формальды білім беру нәтижелерін тану тәртібі	6
7	Формальды емес білім беру нәтижелерін тану тәртібі	7
8	Информальды білім беру нәтижелерін тану тәртібі	7
9	Пререквизиттерді меңгеру (тану) тәртібі	8
10	Қорытынды ережелер	9
11	1-қосымша. Формальды білім беру нәтижелерін тану туралы өтініш	10
12	2-қосымша. Бейформальды/информальды білім беру нәтижелерін тану туралы өтініш	11
13	3-қосымша. Комиссия хаттамасы (нысан)	12
14	4-қосымша. Салыстыру тізімдерегі (нысан)	13
15	5-қосымша. Оқу нәтижелерін танудың ерекше (даулы) жағдайларын қарау бойынша ұсынымдар	15
16	Келісу парағы	20

1. Жалпы ережелер

1.1. Формальды, формальды емес, информальды білім беру нәтижелерін тану және пререквизиттерді меңгеру (тану) туралы осы регламент (бұдан әрі – Регламент) білім алушылардың қолданыстағы білім беру бағдарламасынан тыс алған оқу нәтижелері мен құзыреттерін бағалау және оларды ресімдеу тәртібін, сондай-ақ бұрын меңгерілген пәндерді пререквизит ретінде тану тәртібін айқындайды.

1.2. Регламент Марғұлан университетінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейіндегі білім алушыларға қолданылады, оның ішінде ТЖКБ/орта білімнен кейінгі білім беру базасында оқуға түскендерге, басқа білім беру ұйымдарынан ауысқандарға, оқудан шығарылғаннан/академиялық демалыстан кейін оқуға қайта қабылданғандарға, «НЗМ» ДББҰ түлектеріне, сондай-ақ іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары шеңберінде оқу нәтижелерін растайтын тұлғаларға қолданылады.

1.3. Оқу нәтижелерін тану оқу нәтижелерінің эквиваленттілігін бағалауды қамтиды және оң шешім қабылданған жағдайда қайта сынақ тапсыруды (бағаларды/сынақтарды транскриптке көшіру) ресімдеуді не пререквизитті есепке алуды көздейді.

1.4. Танылған пәндердің рұқсат етілетін ең жоғары көлемі білім беру бағдарламасының жалпы кредит санының 50%-ынан аспауға тиіс (ұқсастық бойынша: бакалавриат 240 кр. – 120 кр.-ке дейін; бейіндік магистратура 60 кр. – 30 кр.-ке дейін; ғылыми-педагогикалық магистратура 120 кр. – 60 кр.-ке дейін; докторантура 180 кр. – 90 кр.-ке дейін).

1.5. Оқу нәтижелерін танудың ерекше (даулы) жағдайлары. Осы Регламентте тікелей түрде реттелмеген стандартты емес жағдайлар туындаған кезде комиссия материалдарды жеке тәртіппен қарайды және мынадай қағидаттар негізінде шешім қабылдайды:

а) білім беру бағдарламасының пәні/модулі бойынша оқу нәтижелерінің эквиваленттілігіне басымдық беру;

б) оқыту көлемінің (кредиттермен/сағаттармен) жеткіліктілігі және мазмұнның салыстырмалылығы;

в) құжаттармен және/немесе қосымша бағалау нәтижелерімен (тестілеу/әңгімелесу/практикалық тапсырма/қорытынды бақылау) расталуы;

г) академиялық адалдықты және ішкі академиялық саясат талаптарын сақтау.

Шешім комиссияның хаттамасымен рәсімделеді. Мұндай жағдайларды қарау тәсілдері 5-қосымшада келтірілген.

Шартты белгілер мен қысқартулар

ҚР — Қазақстан Республикасы

КеАҚ — коммерциялық емес акционерлік қоғам

ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім
«НЗМ» ДББҰ – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
ББ – білім беру бағдарламасы
ОПҚ – профессор-оқытушы құрамы
«Платон» ААЖ – «Платон» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ЖАОК – жаппай ашық онлайн курстар
ECTS – Кредиттерді аудару және жинақтаудың еуропалық жүйесі
PhD – философия докторы
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі
ЖМ – жоғары мектеп

2. Нормативтік сілтемелер

Осы регламент Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді, оның ішінде:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 24.10.2023 жылғы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 24.10.2023 жылғы № 322 бірлескен бұйрығы;
- «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 жылғы № 2 бұйрығы;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығы»;
- «Білім беру ұйымдарында қашықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы.

3. Терминдер мен анықтамалар (гlossарий)

Формальды білім беру – білім беру ұйымдары жүзеге асыратын оқыту; оның нәтижелері ресми құжатпен (академиялық анықтама, диплом және қосымшасы, транскрипт) расталады.

Формальды емес білім беру – оқу орнына, мерзіміне және оқыту нысанына қарамастан білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын жоспарланған және ұйымдастырылған оқыту; құжат (сертификат, куәлік) беріледі.

Информальды білім беру – білім беру ұйымдарынан тыс, күнделікті қызмет барысында алынатын және құжат берілмейтін оқыту; кәсіби тәжірибені растайтын құжаттармен (мысалы, еңбек кітапшасының расталған көшірмесі, портфолио, ұсынымдар) дәлелденеді.

Оқу нәтижелерін тану – білім беру тәжірибесінің нәтижелерін, құзыреттер мен білімдер жиынтығын формализациялау процесі.

Қайта сынақ тапсыру – бұрын меңгерілген пәндер/модульдер/практикалардың эквиваленттілігін тану және бағаларды/сынақтарды білім алушының транскриптіне көшіру.

Пререквизит – кейінгі пәнді немесе пәндер тобын оқып-үйренудің міндетті шарты болып табылатын пән (модуль).

4. Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1. Осы регламент Академиялық кеңесте қаралады және Басқарма Төрағасы – Ректор (немесе уәкілетті тұлға) тарапынан бекітіледі.

4.2. Тануды жүргізу үшін ректордың бұйрығымен жоғары мектептер бойынша (тақ санды құрамда) комиссия құрылады: жоғары мектеп деканы (төраға), вице-декан, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, профессор-оқытушы құрамы қатарынан тиісті бейін бойынша сарапшылар; хатшы – деканат өкілі.

4.3. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, жоғары мектеп декандары, ББ жетекшілері және тіркеуші офисі ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, комиссия қабылдаған шешімнің дұрыстығы (негізділігі), ресімдеудің дұрыстығы және шешімдерді «Платон» ААЖ-ға енгізу үшін жауапкершілік көтереді.

5. Формальды білім беру нәтижелерін тану тәртібі

5.1. Білім алушы СҚО арқылы өтінішті (1-қосымша) және бұрын меңгерілген оқу нәтижелерін растайтын құжаттарды ұсынады: академиялық анықтама/транскрипт, диплом және оған қосымша, ауысу/қалпына келу/академиялық ұтқырлық кезінде транскрипт.

5.2. Комиссия пәндерді (атауы, мақсаты, мазмұны, оқу нәтижелері, кредиттер/сағаттар бойынша көлемі, бақылау нысаны) салыстырады және перезачёт жасау мүмкіндігін айқындайды.

5.3. Қорытынды бақылауы емтихан және/немесе сынақ болған пәндер қайта сынақ тапсыруға жатады. Эквиваленттілік мазмұнның және/немесе көлемнің (кредиттер/сағаттар бойынша) кемінде 80% сәйкес келуі кезінде расталады. Құжатта сағат/кредит көрсетілмеген жағдайда шешім қолданыстағы

білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері негізінде жеке тәртіппен қабылданады.

5.4. Бұрын меңгерілген пәндер толық көлемде (толық сәйкестік болған кезде) не ішінара (бір/бірнеше пән мазмұнының бір бөлігін қамтыған жағдайда) танылады. Бұрын меңгерілген бір пәннің ағымдағы оқу жоспарының екі және одан да көп пәніне сәйкестігі расталған кезде оны «бөлуге» жол беріледі.

5.5. Өтініш пен ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша белгіленген нысан бойынша салыстыру тізімдерегі (3-қосымша) рәсімделеді және қайта сынақ тапсыру жасау туралы деканаттың өкімі шығарылады; көрсетілген құжаттардың негізінде тіркеуші офисі қайта сынақ тапсыру туралы мәліметтерді «Платон» ААЖ-ға енгізеді, содан кейін білім алушы қайта сынақ тапсыру жасалған пәндерді қайта оқудан босатылады.

6. Формальды емес білім беру нәтижелерін тану тәртібі

6.1. ТжКБ, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, қосымша білім беру ұйымдарының және біліктілікті арттыру орталықтарының, жұмыс берушілер жанындағы оқу орталықтарының, электрондық еңбек биржасының, сондай-ақ ЖАОК-ның, оның ішінде халықаралық платформалардағы (Coursera, edX, FutureLearn, Udacity және т.б.) сертификаттарымен/куәліктерімен расталған оқу нәтижелері тануға жатады.

6.2. Білім алушы студенттерге қызмет көрсету орталығы арқылы өтінішті (2-қосымша), жеке куәлігінің көшірмесін және оқу нәтижелерін растайтын құжаттарды (сертификат/куәлік және оған қосымша, онда тақырыптар/модульдер, сағат/кредит көлемі және бағасы (болған жағдайда) көрсетіледі) ұсынады.

6.3. Комиссия қол жеткізілген оқу нәтижелерінің білім беру бағдарламасының пәні (модулі) құзыреттеріне сәйкестігін бағалайды. Қажет болған жағдайда комиссия қосымша бағалауды (тестілеу/әңгімелесу/практикалық тапсырма) және/немесе пән бойынша қорытынды бақылауды тағайындай алады.

6.4. Комиссияның шешімі хаттамамен (4-қосымша) рәсімделеді: «тану», «танудан бас тарту» немесе «қорытынды бақылауды тағайындау». Хаттамалар даулы жағдайларда рәсімделеді. Жеткілікті негіздер болған кезде тану жүзеге асырылады және баға қойылады.

6.5. Құжаттар пакеті (өтініш, сертификат/куәлік көшірмесі, хаттама) және жоғары мектептің өкімі шешімді «Платон» ААЖ-ға енгізу үшін тіркеуші офисіне беріледі.

7. Информальды білім беру нәтижелерін тану тәртібі

7.1. Формальды оқыту құжаттарында педагогикалық практика көрсетілмеген және білім алушының құжатпен расталған педагогикалық қызмет өтілі кемінде 5 жыл болған жағдайда, «Педагогикалық мамандыққа кіріспе»,

«Психологиялық-педагогикалық бағалау» практикалары бойынша оқу нәтижелері тануға жатады.

7.2. Білім алушы өтінішті (2-қосымша) және растайтын материалдарды ұсынады: еңбек кітапшасының/еңбек шартының куәландырылған көшірмесі, жұмыс берушінің мінездемесі/ұсынымдары, жұмыстар портфолиосы (жобалар, жарияланымдар, әдістемелік әзірлемелер және т.б.), кәсіби іс-шараларға қатысуды растайтын құжаттар, өзге де дәлелдемелер.

7.3. Комиссия оқу нәтижелерінің сәйкестігін бағалайды: портфолионы талдау, сұхбат (құрылымдалған әңгімелесу), практикалық тапсырма/дағдыларды көрсету. Қорытындысы бойынша тану/танудан бас тарту/қорытынды бақылауды тағайындау туралы шешімі бар хаттама (4-қосымша) рәсімделеді.

7.4. Оң шешім қабылданған жағдайда белгіленген тәртіппен қайта сынақ тапсыру/нәтижені сынақ ретінде есепке алу рәсімделеді және «Платон» ААЖ-ға енгізіледі.

8. Пререквизиттерді меңгеру (тану) тәртібі

8.1. Пререквизиттер оқу жоспары және/немесе пәннің сипаттамасы (силлабус) арқылы айқындалады және кейінгі пәндерді (модульдерді) меңгеру үшін қажетті оқу нәтижелерінің тізбесін білдіреді.

8.2. Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру, сондай-ақ жоғары білім беру білім беру бағдарламаларының базасында оқуға түскен кезде, білім беру бағдарламасының бейіні сәйкес келген және (немесе) сабақтас болған жағдайда алдыңғы деңгейдегі формальды білім берудің оқу нәтижелері автоматты түрде танылады. Аталған жағдайларда меңгерілетін академиялық кредиттер көлемі мен оқу мерзімі университет белгілеген тәртіппен қысқартылады.

8.3. Пререквизиттер ретінде мыналар таныла алады:

а) алдыңғы деңгейдегі формальды білім берудің жекелеген пәндері (модульдері);

б) тиісті деңгейдегі формальды емес білім берудің оқу нәтижелері (оның ішінде микробіліктіліктер, нано-кредиттер, жинақталатын дәрежелер). формальды емес білім берудің оқу нәтижелерін тану университетте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8.4. Пәнді (модульді) пререквизит ретінде тану үшін білім алушы тіркеуші офисі басшысының атына өтініш береді. Комиссия (немесе комиссияның тапсырмасы бойынша ББ жетекшісі) силлабустарды/бағдарламаларды және оқу нәтижелерін, сондай-ақ (бар болған жағдайда) кредиттер/сағаттар көлемін және бақылау нысандарын салыстыруды жүзеге асырады.

8.5. Бұрын меңгерілген пән (модуль) пререквизит ретінде мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде танылады:

- негізгі тақырыптар мен мазмұн компоненттерінің және/немесе оқу нәтижелерінің сәйкестігі;
- пререквизит талап етілетін пәннің оқыту мақсаттарына сәйкестігі;

- жеткілікті көлем – пререквизит-пән көлемінің кемінде 80%-ы.

8.6. Ішінара сәйкестік болған кезде комиссия жетіспейтін тақырыптардың (оқу нәтижелерінің) тізбесін айқындайды және оларды меңгеру мен растау тәсілін төмендегі нұсқалардың бірі арқылы белгілейді:

а) Комиссия тізбесі бойынша жетіспейтін тақырыптарды өз бетінше меңгеру және кейіннен тексеру (бақылау сұрақтары/мини-тест/жазбаша тапсырма);

б) жетіспейтін тақырыптар бойынша модульді (курсты) меңгеру (қысқаша оқу модулі/кеңестер) және кейіннен қорытынды тексеру;

в) пререквизит бойынша қайта аттестаттау – жетіспейтін оқу нәтижелерін растау үшін диагностикалық тест және (немесе) әңгімелесу және (немесе) практикалық тапсырма.

8.7. Пәнді (модульді) пререквизит ретінде тану туралы шешім комиссия хаттамасымен бекітіледі және білім алушының жеке оқу жоспарын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

8.8. Магистратураға оқуға түсу кезінде магистратура білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасының бейінімен сәйкес келмеген жағдайда білім алушыға меңгеруге арналған пререквизиттер белгіленеді. Пререквизиттердің тізбесі және оларды меңгеру мерзімдері ББ жетекшісінің ұсынысы негізінде Басқарма – Төрағасы Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Пререквизиттерді меңгеру бірінші оқу жылы ішінде жүзеге асырылады және пререквизитті меңгергені туралы куәлік беріледі.

8.9. Магистратурада білім алушы пререквизит ретінде тиісті деңгейдегі формальды емес білім берудің оқу нәтижелерін ұсынуға құқылы. Аталған нәтижелерді тану университетте формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану туралы қолданыстағы регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

8.10. Жоғары арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқу нәтижелері бейіндік бағыт бойынша магистратураның тиісті бағдарламалары бойынша оқу нәтижелеріне теңестіріледі және пререквизиттерді айқындау және тану кезінде комиссия тарапынан ескеріледі.

8.11. Докторантураға оқуға түсу кезінде докторантура білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда білім алушыға пререквизиттер белгіленеді; олар алдыңғы деңгейдегі білім беру бағдарламасы бейінінің негізгі оқу нәтижелерін қамтуы тиіс. Пререквизиттердің тізбесі және оларды меңгеру мерзімдері ББ жетекшісінің ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі. Пререквизиттерді меңгеру бірінші оқу жылы ішінде жүзеге асырылады және пререквизитті меңгергені туралы куәлік беріледі.

8.12. Магистратураның бейіндік бағыты бойынша магистр докторантураға (PhD) түскен кезде білім алушыға педагогикалық бейіндегі пререквизиттер белгіленеді. Педагогикалық бейіндегі пререквизиттерді меңгеру бірінші оқу жылы ішінде жүзеге асырылады және пререквизитті меңгергені туралы куәлік беріледі.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы регламент бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және оған өзгерістер енгізілгенге немесе оның күші жойылғанға дейін қолданылады.

9.2. Регламентке өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамасын және университеттің ішкі құжаттарын өзектендіруіне қарай белгіленген тәртіппен енгізіледі.

9.3. Оқу нәтижелерін тануға байланысты барлық құжаттар тіркеуші офисінде және жоғары мектептерде сақталады.

1-қосымша. Формальды білім беру нәтижелерін тану туралы өтініш

_____ жоғары мектебінің деканы

_____ жоғары мектебі

_____ ББ

_____ есебінен

оқитын _____ курс

білім алушысы

Телефон: _____

E-mail: _____

Тіркеу мекенжайы: _____

Тұрғылықты мекенжайы: _____

ЖСН: _____

ӨТІНІШ

Сізден формальды білім беру арқылы меңгерген оқу нәтижелерімді төмендегі пәндер бойынша тануыңызды сұраймын:

1) _____

2) _____

3) _____

Тиісті оқу нәтижелерін меңгергенімді растайтын құжаттар (жеке куәландырылған құжат көшірмесі) қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

«_» _____ 20__ ж. _____ /ҚОЛЫ/

2-қосымша. Формальды емес/информальды білім беру нәтижелерін тану туралы өтініш

_____ жоғары мектебінің деканы

_____ жоғары мектебі

_____ ББ

_____ есебінен

оқитын _____ курс

білім алушысы

Телефон: _____

E-mail: _____

Тіркеу мекенжайы: _____

Тұрғылықты мекенжайы: _____

ЖСН: _____

ӨТІНІШ

Формальды емес/информальды білім беру арқылы меңгерген оқу нәтижелерімді «_____» пән(дер)і/практикасы бойынша тануыңызды сұраймын.

Тиісті оқу нәтижелерін меңгергенімді растайтын құжаттар (жеке куәландырылған құжат көшірмесі) қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

«_» _____ 20__ ж. _____ /қолы/

3-қосымша. Даулы жағдайлар бойынша комиссия хаттамасы (нысан)

«Тану / танудан бас тарту / қорытынды бақылауды тағайындау»

_____ жоғары мектебінің
формальды/формальды емес/информальды білім беру нәтижелерін тану
жөніндегі комиссия отырысы

20__ ж. № _____ ХАТТАМАСЫ

Төраға: _____

Комиссия мүшелері: _____

Қаралды: білім алушы _____ (Т.А.Ә.)

_____ ББ бойынша

_____ пәні/модулі бойынша оқу нәтижелері.

Комиссия қарауына мына құжаттар ұсынылды:

– өтініш;

– растайтын құжаттар (атауын, № және күнін, ұйымын, сайт/платформаға сілтемені, курс атауын, көлемін, оқу нәтижелерін және т.б. көрсету).

Комиссияның шешімі:

- 1) ☐ Толық сәйкестік ☐ ішінара сәйкестік ☐ сәйкессіздік белгіленсін.
- 2) Шешім қабылдансын: ☐ тану ☐ танудан бас тарту ☐ қорытынды бақылауды тағайындау (нысаны: емтихан/тест/әңгімелесу/практикалық тапсырма).
- 3) Тану кезінде (қажет болған жағдайда): _____ (ECTS _____) баға қойылсын.

Төраға _____ /қолы/

Комиссия мүшелері _____ /қолы/

4-қосымша. Салыстыру тізімдерегі (нысан)

"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ							
НАО "Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан"							
Салыстыру тізімдерегі//Сличительная ведомость							
(Қайта қабылдау, ауысу, қабылдау) өтінішіне //к заявлению на (восстановление, перевод, зачисление)							
Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты//ФИО обучающегося							
тобына//в группу							
семестрден бастап//с семестра							
Білім беру бағдарламасы//Образовательная программа							
Оқыту нысаны//форма обучения							
Білім беру базасында //на базе образования							
Оқуға түскен жылы//год поступления							
Оқыту тілі//язык обучения							
№ р/с// п/п	Оқу жоспары бойынша пәндер //Дисциплины по учебному плану		Транскрипт / академиялық анықтама / диплом қосымшасы / сертификат / куәлік бойынша пәндер //Дисциплины по транскрипту /академической справке/приложению/по сертификату /по свидетельству			Қайта есепке алу туралы баға көрсетілген (пайыздық және дәстүрлі жүйе бойынша) белгі / академиялық айырмашылық туралы белгі// Отметка о перезачете с указанием оценки в % и по традиционной системе / отметка об академической разнице	
	Пәннің атауы//Наименование дисциплины	Кредиттер саны// Количество кредитов	Пәннің атауы//Наименование дисциплины	Кредиттер саны// Количество кредитов	Сағат саны// Количество часов	Пән/курс/ЖАОК бойынша баға//Оценка по дисциплине/курсу/МООК (%)	
1	Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы //Современная история Казахстана	5	Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы	4	120	85%	85%/ 3,33/ (жаксы)
2	Рухани жаңғыру және Мәңгілік Ел құндылықтары//Рухани жаңғыру и ценности Мәңгілік ел	5					академиялық айырмашылық/академическая разница

АКАДЕМИЯЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ПӘНДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ//ОБЩИЙ ОБЪЕМ ДИСЦИПЛИН АКАДЕМИЧЕСКОЙ РАЗНИЦЫ		_____	КРЕДИТ// КРЕДИТОВ
	Жоғары мектеп деканы//Декан Высшей школы		
	ББ жетекшісі//Руководитель ОП		
	<i>Салыстыру тізімдері толтырылады, басып шығарылады, қол қойылады және өтінішке қосылады//Сличительная ведомость заполняется, распечатывается, подписывается и прилагается к заявлению.</i>		

5-қосымша. Оқу нәтижелерін танудың ерекше (даулы) жағдайларын қарау бойынша ұсынымдар

Осы ұсынымдар комиссия тарапынан оқу нәтижелерін (формальды/формальды емес/информальды білім беру) және (немесе) пререквизиттерді тану туралы өтініштерді қарау кезінде, регламентте нақтылаусыз берілген даулы мәселелер бойынша бірізді шешім қабылдау қажет болған жағдайларда қолданылады. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және пәндер танылған жағдайда салыстыру тізімдерегімен ресімделіп, кейін регламентте белгіленген тәртіппен деректер ААЖ-ға енгізіледі.

1. Оқу нәтижелерін тану кезеңі / академиялық айырмашылықты тапсыру мерзімі

Мәселе: оқу нәтижелерін тануға қашан жол беріледі және академиялық айырмашылық қандай мерзімде жабылады.

Шешім: оқу нәтижелерін тану (қайта сынақ тапсыру/қайта аттестаттау), әдетте, оқудың бірінші жылы ішінде жүзеге асырылады. Академиялық айырмашылық оқудың бірінші жылы ішінде, қажет болған жағдайда жазғы үдерісінің (оқу процесінің кестесіне және университеттің ішкі қағидаларына сәйкес) жабылады.

2. Формальды емес білім беру нәтижелері есебінен қанша кредит танылуы мүмкін

Мәселе: формальды емес білім беру бойынша танудың рұқсат етілген көлемінен асып кетуі.

Шешім: формальды емес білім беру есебінен танылатын пәндердің көлемі ББ жалпы көлемінің 20%-ынан аспауға тиіс (мысалы: 240 кредит болған жағдайда 48 кредитке дейін). Бұл шек регламентте белгіленген танудың жалпы жиынтық шегін ескере отырып қолданылады.

3. Қайта сынақ тапсыру үшін пән көлемінің жеткіліктілігі қандай болуы тиіс

Мәселе: пән мазмұны бойынша сәйкес келеді, бірақ көлемі бойынша айырмашылық бар.

Шешім: қайта сынақ тапсыру кезінде және пререквизит ретінде тану кезінде пән көлемінің жеткіліктілігі кредиттер саны, оқу жүктемесінің құрылымы және оқу нәтижелерінің сәйкестік дәрежесін салыстыру негізінде айқындалады. Көлем бойынша сәйкестіктің ең төменгі рұқсат етілетін деңгейі Университет пәні көлемінің кемінде 80%-ын құрауға тиіс (деректер болған жағдайда аудиториялық сағаттардың кемінде 80%-ы).

Көлем **80%-дан** төмен болған және (немесе) негізгі тақырыптар бойынша олқылықтар анықталған жағдайда комиссия жетіспейтін оқу нәтижелерін айқындайды және мына тәсілдердің бірін қолданады: өз бетінше меңгеру және тексеру / ЖАОК / қайта аттестаттау Комиссия шешімін хаттамада көрсете отырып.

Кесте комиссия тарапынан ТжКБ/орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында меңгерілген пәндер көлемін салыстыру кезінде, көлемнің

жеткіліктілігі кемінде 80% критерийін қолдану үшін (деректер болған жағдайда аудиториялық жүктеме бойынша да) анықтамалық бағдар ретінде пайдаланылады.

ТЖКБ ұйымдарында меңгерілген аудиториялық сағаттарды ЖОО пәндері бойынша кредиттерге аудару кестесі

Университеттегі пән көлемі (кредиттер)	Колледжден расталған ең төменгі көлемге бағдар (аудиториялық сағаттар)
2	24
3	24
4	36
5	36
6	48
7	60
8	60
9	60
10	72
11	84

4. Тұтас алғанда қанша кредит танылуы мүмкін? (қорытынды шек)

Мәселе: танудың жиынтық көлемі рұқсат етілген шектен асып кетуі.

Шешім: танылған пәндердің жиынтық көлемі (формальды + формальды емес + информалды) регламентпен белгіленген шектен аспауы тиіс.

Жұмыс тәжірибесі үшін (бакалавриаттың 240 кредит, болған кездегі есептеу үлгісі):

Тану түрі	Максимум
формалды білім	72 кредитке дейін (30%)
бейформалды білім	48 кредитке дейін (20%)
информалды білім	24 кредитке дейін (10%)
БАРЛЫҒЫ (жиынтық)	120 кредитке дейін (50%)

Маңызды: Жекелеген түр бойынша лимит толық аяқталмаса да, барлық үш түр бойынша танылған кредиттердің жалпы сомасы 120 кредиттен (ББ-ның 50%-нан) аспауы тиіс.

5. Бір пәннің кредиті/сағаты тануға жеткіліксіз

Мәселе: бір пән/курс көлемі Университет пәнін қайта сынақ тапсыру жасауға жеткіліксіз.

Шешім: талап етілетін көлемді екі немесе бірнеше пән/курс/оқу нәтижелерімен (оның ішінде формальды емес білім беру нәтижелерімен) жабуға жол беріледі. Сағаттар/кредиттер қосылады. Оқу нәтижелерінің сәйкестігі салыстыру арқылы расталады. «Қосу» құрамы және негіздемелері Комиссия хаттамасында көрсетіледі.

6. Бірнеше пән/курс бойынша қосқанда баға қалай қойылады

Мәселе: Университет пәні бірнеше дереккөз арқылы танылған кезде қорытынды бағаны қалай анықтау керек.

Шешім: қорытынды баға (бағалар бар болған жағдайда) танылған пәндер/курстар бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады. Егер бағалар болмаса немесе бақылау нысандары салыстыруға келмесе, Комиссия белгіленген тәртіппен қорытынды бақылауды (емтихан/тест/әңгімелесу/практикалық тапсырма) тағайындайды.

7. Бағаларды аудару және қорытынды баға форматы (балдық-рейтингтік жүйе)

Мәселе: баға дәстүрлі жүйемен көрсетілген немесе мүлде көрсетілмеген.
Шешім:

7.1. Егер дәстүрлі жүйе көрсетілсе:

«өте жақсы» – 90;

«жақсы» – 75;

«қанағаттанарлық» – 60.

7.2. Қорытынды баға ААЖ-ға балдық-рейтингтік жүйе бойынша пайыздық мәнде енгізіледі (қажет болған жағдайда – ECTS баламасымен).

7.3. Егер құжатта балдық бағасыз «сынақ» (зачёт) ғана тұрса, баға диплом қосымшасындағы ең төменгі баға бойынша қойылады. Білім алушы келіспеген жағдайда Комиссия Университет белгілеген тәртіппен емтихан/қорытынды бақылауды (әдетте жазғы семестрде) тағайындайды.

8. Бір пән арқылы Университеттің бірнеше пәнін қайта сынақ тапсыру жасау

Мәселе: бұрын меңгерілген бір пән ағымдағы оқу жоспарының 2 және одан да көп пәнін қамтиды.

Шешім: бұрын меңгерілген пәнді Университеттің бірнеше пәніне сәйкестігі расталған жағдайда оны «бөлуге» жол беріледі. Салыстыру тізімдерегінде кредит көлемі мынадай түрде көрсетіледі: бірінші санмен – Университет пәні бойынша қайта сынақ тапсыру жасалатын көлем; жақша ішінде – бұрын меңгерілген пәннің толық көлемі.

Мысал: «Психология» – «Жалпы психология» пәні бойынша 2 (3) кредит: 2 кредит перезачёт жасалады (жақша ішінде – толық 3 кредит).

9. Диплом қосымшасында көлем туралы мәлімет (сағат/кредит) жоқ

Мәселе: диплом қосымшасында сағаттар және (немесе) кредиттер көрсетілмеген.

Шешім: оқу нәтижелері сәйкес болған жағдайда пән Университеттің оқу жоспарында көзделген толық көлемде танылуы мүмкін.

10. Сертификатта (ЖАОК, курс және т.б.) сағат/кредит көрсетілмеген

Мәселе: сертификат курстан өткенін растайды, бірақ сағат/кредит көрсетілмейді.

Шешім: білім алушы түсіндірме жазба (курс сипаттамасы) ұсынады, онда: мақсат, мазмұн (модульдер/тақырыптар), оқу нәтижелері, бақылау

нысаны (болған жағдайда), курсқа/платформаға сілтеме көрсетіледі. Түсіндірме жазба негізінде Комиссия тану туралы шешім қабылдайды; негіздемелер Комиссия хаттамасында көрсетіледі.

11. Сертификаттардың/куәліктердің қолданылу мерзімі

Мәселе: сертификаттардың «жарамдылық мерзіміне» қатысты шектеу.

Шешім: егер оны берген ұйым басқа мерзімді тікелей белгілемесе, сертификаттар/куәліктер мерзімсіз деп қарастырылады. Комиссия мазмұнның өзектілігін ескеруге және қажет болған жағдайда қосымша бағалау тағайындауға құқылы.

12. Қазақстандық кредиттер және ECTS (қайта есептеу)

Мәселе: кредиттерді қайта есептеу/эквиваленттілікті көрсету қажет.

Шешім: қайта есептеу Университет қағидалары бойынша жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Университеттің ішкі нұсқаулығы/калькуляторы (мысалы, корпоративтік сілтеме/кредиттерді қайта сынақ тапсыру жасау бойынша Университеттің ішкі парақшасы) пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының кредиттерін ECTS кредиттеріне қайта есептеу

Оқу санаты /Категория обучения	ҚР кредиттері (2018 жылға дейін қабылданғандар үшін) /Кредиты РК (до 2018 года поступления)	Аудару коэффициент і /Переводной коэффициент	ECTS кредиттер і /Кредиты ECTS	Ескертпе /Примечание
Теориялық оқыту/ Теоретическое обучение	1	1,7	2	Аудиториялық сабақтар мен ОСӨЖ/СӨЖ- ді ескере отырып қайта есептеу /Пересчет с учетом аудиторных занятий и СРСР/СРС
	2	1,7	3	
	3	1,7	5	
	4	1,7	7	
	5	1,7	9	
	6	1,7	10	
	7	1,7	12	
	8	1,7	14	
	9	1,7	15	
	10	1,7	17	
Оқу практикасы/ Учебная практика	1	0,5	1	
Практика (бағдарлама бойынша) /Практика (по программе)	1	1,1	1	

Кәсіби-педагогикалық практика/Профессиональная педагогическая практика	1	2,75	3	
Қорытынды аттестаттау /Итоговая аттестация	1	3,85	4	

13. Меңгерудің мерзімі ескіру және мазмұнның өзектілігі

Мәселе: пән/курс бұрыннан меңгерілген; нормативтік талаптар немесе кәсіби технологиялар едәуір өзгерген; атауы/тақырыптарының формальды сәйкестігі оқу нәтижелерінің өзектілігіне кепілдік бермейді.

Шешім: Комиссия оқу нәтижелерінің өзектілігін бағалайды. Елеулі өзгерістер болған жағдайда Комиссия:

а) өзектілігін жоғалтқан курсты танудан бас тарту туралы шешім қабылдауға;

б) қосымша бағалауды (диагностикалық тест/әңгімелесу/практикалық тапсырма/қорытынды бақылау) тағайындауға немесе ЖАОК-ны меңгеруді тағайындауға құқылы. Негіздемелер Комиссия хаттамасында көрсетіледі.

14. Практикалар және практикалық-бағдарланған модульдер

Мәселе: практика/практикалық-бағдарланған модульді тану ұсынылған, алайда көлемі, атқарылған функциялар және қол жеткізілген оқу нәтижелері бойынша жеткілікті дәлелдер жоқ.

Шешім: практиканы тануға келесі растайтын материалдар болған кезде жол беріледі: есеп, мінездеме/пікір, портфолио, орындалған кәсіби тапсырмалар материалдары (жоспарлар, әзірлемелер, кейстер, қызмет өнімдері); қажет болған жағдайда – кәсіби тапсырмаларды орындауды көрсету.

Растайтын материалдар жеткіліксіз болған жағдайда Комиссия:

а) ішінара тану туралы шешім қабылдайды (расталған оқу нәтижелері көлемінде) және жетіспейтін элементтерді тіркейді; және/немесе

б) оқу нәтижелерін растау үшін қайта аттестаттауды (практикалық тапсырма/портфолионы қорғау/әңгімелесу) тағайындайды; және/немесе

в) оқу нәтижелерін растау мүмкін болмаған кезде танудан бас тартады. Шешім Комиссия хаттамасында және (танылған жағдайда) салыстыру ведомосінде көрсетіледі.

15. ТЖКБ базасында (11 - сынып базасы) оқуға түскендердің мектеп аттестаты: формальды білім беру нәтижелерін тану

Мәселе: білім алушы ТЖКБ базасында (11 сынып базасы) оқуға түсті. Колледж мектептегі оқу нәтижелерін танымауы мүмкін, алайда Университет жалпы орта білім беру нәтижелерін және алдыңғы деңгейдегі формальды білім беру нәтижелерін дұрыс ескеруі тиіс.

Шешім:



15.1. Мектеп аттестаты алдыңғы деңгейдегі формальды білім берудің (жалпы орта білімнің) аяқталғанын растайтын құжат ретінде қабылданады.

15.2. Алдыңғы деңгейдегі оқу нәтижелері жеке білім беру траекториясын қалыптастыру кезінде ескеріледі (оның ішінде Университетте көзделген жағдайлар мен тәртіпке сәйкес оқу мерзімін/көлемін қысқарту).

15.3. Аттестат негізінде нақты пәндерді/кредиттерді қайта сынақ тапсыру жасау тек Комиссияның шешімімен, оқу нәтижелерінің сәйкестігі және көлемнің жеткіліктілігі (Регламент қағидалары бойынша) расталған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

15.4. Егер аттестат бойынша Университет пәнін қайта сынақ тапсыру жасауға жеткілікті деңгейде көлем мен мазмұнды анықтау мүмкін болмаса, Комиссия қосымша материалдарды сұратады және/немесе қосымша бағалауды (тестілеу/әңгімелесу/практикалық тапсырма/қорытынды бақылау) тағайындайды және нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: негіздемелерін Комиссия хаттамасында көрсете отырып тану / ішінара тану / пререквизит ретінде тану / танудан бас тарту.

Келісу парағы

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Күні	Қолы
Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Жумабекова А.Б.		
Академиялық офистің басшысы	Жакиенова А.А.		
ПЖМ деканы	Жапарова Б.М.		
ЖЖМ деканы	Убайдулаева Н.А.		
ГҒЖМ деканы	Каримова А.Е.		
ӨжСЖМ деканы	Лебедева В.И.		
Тіркеуші офисінің басшысы	Сакенова Г.Б.		